



EGEMEN QAZAQSTAN

## Қазақ атауын қайтарып, егемендікті сүйіншілеген...

Байтақ даламыздың бай мұрасын түгендеп, тамыр-тарихын таразылап, өткені мен өнегесін болашақ ұрпақтың бойына сіңіруде баспасөздің алар орны айрықша. Әсіресе, тағылымы мен таралымы, саны мен сапасы қатар қарыштаған, бүгінгі таңда өзінің ғасырлық белесіне көтеріліп отырған, Елбасы ордалы «Отанымыздың бас басылымы» деп баға берген «Егемен Қазақстанның» мәні зор, мәртебесі әманда жоғары. Бұл орайда кеше ғана бізді қабылдап, «Егемен Қазақстан» газетінің бүгінгі биігін жоғары бағалаған ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «өткір де өзекті, сапалы әрі салиқалы, тартымды материалдары арқылы басылым қазақ баспасөзінің көшін бастап тұр» деп атап өткенін де айту ләзім.



Ел газеті «Егемен Қазақстан қазақ атауын халыққа қайтаруға айрықша үлес қосып, елдік рухты еңселі ету жолында еселі еңбек еткен, азаттықтың арайлы таңында егемендікті сүйіншілеген қастерлі басылым. Сондықтан «Егеменнің» мерейлі межесі – қазақ баспасөзі мен ұлт үнжариясының мәртебесі.

Жүз жылдық – қатардағы қарапайым мерейтой емес, бұл бір ғасырлық жүріп өткен жолыңа қайта қарайтын, тарихыңа тағзым жасап, тағылым алатын, жаңа дәуірге бет түзейтін меже. Сондықтан біз де газеттің 100 жылдық мерейлі белесін қилы кезеңдегі қиындықтарды қайыспай көтерген аға ұрпаққа тағзымды ұштастыра отырып, атап өтуді мақсат еттік. Өйткені бұл газетте әр жылдары қызмет еткен халқымыздың рухани көсемдері, Алаш қайраткерлері іс жүзінде қазаққа, қазақтың ел болып еңсесін тіктеуіне қызмет етті. Бұл ретте дәл осы газет мемлекетімізге ұлт атауын қайтаруға тікелей себепкер болғанын да бөле-жара айрықша атап өтуге тиіспіз. Бұл бүгінгі егемендіктердің ғана емес, барша халқымыздың, кейінгі жас ұрпақтың

жадында мәңгі жаңғырып тұруы тиіс тарихи дерек. Ал «Ұшқыннан» басталған «Егеменнің» жылнамасында Халел Есенбаев, Бернияз Күлеев, Тәмиждар Сафиевтен бастап, Смағұл Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Тұрар Рысқұлов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбайұлы сынды өзге де көптеген тұлғаның есімдері бар және олардың әрқайсысының да қазақ үшін атқарған еңбегі ұшан-теңіз.

Кешегі «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ» большевиктік партияның қан-қасапты қатаң бақылауына, сұрқия саясатына қарамастан, елдіктің сөзін айтудан жаңылмады. Бағытынан жаңылдырмаған да сол жоғарыда аты аталған, аталмаған ұлтымыздың ұлық ұлдары болатын. Сонысы үшін де олар қуғындалды, атылды, айдауға түсті.

Сол сүргіннің сұрапыл тарихына қарап отырсақ, қызметкерлері ең көп қуғындалған, басшылары ату жазасына көп кесілген мекеме де осы редакция екен. Ұлты үшін басын бәйгеге тігудің, халқы үшін құрбан болудың бұдан асқан қасиетті һәм қасіретті үлгісі жоқ, сірә. Сондықтан оларға тағзым ету – бүгінгі ұрпаққа парыз.

Жүз жылдықтың алғашқы тағылымды іс-шарасы қасиетті Семей жеріне – Абай еліне барып, хакім рухына тағзым етуден басталды. Семей Алаш рухымен де қалың қазаққа қастерлі мекен. Осылайша түрлі шаралар түндігін түріп, берекелі бастамалар бастау алды.

Баршаға мәлім, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин және Ілияс Жансүгіров, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов газет «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ» болып аталған кезінде жұмыс істеген, басшылық жасаған, авторы болған тұлғалар. Сондықтан биыл осы тұлғалардың өңірлерде атап өтілген 125 жылдық іс-шараларын «Егемен Қазақстан» газетімен ұштастырып, Қарағандыда С.Сейфуллиннің, Қостанайда Б.Майлиннің және Талдықорғанда І.Жансүгіровтің рухына тағзым жасалды. Шымкентте Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожановқа арналған тағылымды іс-шаралар жоғары деңгейде өтті. Сонымен бірге «Ұшқынның» алғашқы редактор-шығарушылары Халел Есенбаев, Тәмиждар Сафиевтердің туған жері – Бөкей ордасына арнайы экспедиция ұйымдастырылып, жергілікті оқырмандармен, зиялы қауым өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Алматыда қала әкімдігінің қолдауымен «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясы 1987-1999 жылдары қоныс тепкен тарихи ғимаратқа орнатылған ескерткіш тақта, Құран бағыштап берілген ас та өмірден озған аға буынға жасалған тағзым шараларының қатарынан.

Осы орайда жүз жылдықтың іс-шараларын «Ұшқын» алғаш жарық көрген, қазақ еліне астана болған Орынбор қаласында аяқтауды мұрат етіп отырғанымызды да айта кетудің жөні келіп отыр. Қараша айының соңында арнайы делегациямыз Ресейдің Орынбор қаласына аттанады. Мақсат – «Ұшқын» редакциясы отырған тарихи ғимаратқа ескерткіш тақта орнатып, жергілікті қазақ диаспорасымен кездесу. Осылайша тағылым мен тағзымды ұштастырған ең негізгі іс-шараларымыз Семейде басталып, Алашқа астана болған Орынборда аяқталады.

Әлбетте, осы айтылғандардың сыртында басқа да маңызды жұмыстар атқарылды. Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық музейде дәстүрлі «Музей түні» акциясы «Egemen Qazaqstan» газетіне арналды. Ғибратты газеттің ғасырлық ғұмырына арнап «100 жылдыққа – 100 тал» деген атаумен сәулелі сәуір айында арнайы экологиялық акция ұйымдастырылды. Бұл шараның да өзіндік өнегесі жоқ емес. Себебі халқымыздың «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деген аталы сөзі бар.

Газеттің 1919 жылдан бергі қағаз архиві цифрлы форматқа көшірілді. Тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті құнды мұраны сақтау әрі қалың көпшілікке қолжетімді ету үшін былтыр Алматыдағы Ұлттық кітапханамен бірлесіп, 1919 жылдан бергі сандарының әрбір бетін сканерлеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде жинақталған мол мұра өңделіп, оқырманға қолайлы цифрлы форматта ұсынылмақ.

Газетте 1919 жылдан 1976 жылға дейінгі кезеңде жарық көрген, сол заманның сипатын, қоғам тынысын аңғартатын ең маңызды оқиғалар мен жаңалықтарды қамтыған таңдаулы материалдар, өзекті мақалалар іріктеліп, «Жүз жылдық жылнама» деген атаумен 5 томдық жинаққа енгізілді. Бұл жинақ мамыр айында басылып шығып, оқырманға жол тартты.

Әр заманның әсерлі әңгімелері, сырлы сәттері, қайталанбас қадамдары қатар жүретіні қағида секілді қалыптасқан. Сол соқпақтың соңындағы ізгілікке толы іздерді, аңыз абыздарды, шарапаты мол шақтарды, тұғырлы тұлғаларды, бейнетті күннің бейнелерін біз суреттер арқылы көріп, сезіне аламыз. Жылдар жылжып, айлар ауысқан сайын оларда өткен күннің еншісіне ене береді. Көне күндердің көшіндегі көлемді іздер көміліп қалмау үшін осы жүз жылдықтың аясында газеттің алғашқы басшылары мен қызметкерлерінің бейнесі сақталған аса сирек фотолар мен басылымда жарық көрген суреттер жинақталып, арнайы фотоальбом болып жасалды. Бұл альбомға сондай-ақ газетте қызмет еткен азаматтардың жеке архивтерінен алынған, бұрын еш жерде жарияланбаған, бірақ тарихи сәттерден, газет өмірінен хабар беретін ескі суреттер мен редакцияның бүгінгі тыныс-тіршілігін қамтитын жаңа фотосуреттер енгізілді.

Тарих тақтасындағы тағылымды тараулар құнын жоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретініне сенімдіміз. Себебі «Егеменнің» тарихы елдің тарихы, ұлттың тарихы деген қастерлі ұғымдармен тамырлас һәм сабақтас. Оның қасиеті мен қазынасын жас ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, санасына сіңіру мақсатында дөңгелек үстел кездесулері мен ғылыми-практикалық конференциялар өтті. Зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, тілшілер, студенттер қатысқан жиында «Egemen Qazaqstan»-ның ғана емес, жалпы баспасөз саласының өзекті тақырыптары сараланды.

Жаһандық дамудың жаңа сатысына қадам басқан Қазақстанмен бірге «Егеменде» еңсе тіктеп, ертеңгі күні үшін еңбек етуде. Интернетті игеріп, игілікке пайдаланып, оқырман тартудың оңтайлы тұстарын ойластыруда. Уақыт көшінен бір сәтке де қалыс қалуды ойламайтын ұлттық басылымның ұясы табанды жұмыс істеумен, талмай талпынуды ұстаным етіп алған. Жазғаны жұртқа, ойы оқырманға жетіп жатса, тілшілік тізгінін ұстағандар

үшін маңдай тер, машақаттың марапаты сол болмақ. «Егеменнің» елге бергені де, «Егеменнің» елден алғаны да аз емес. Арыстардың ізі қалған арда газеттің тойы Отан үшін ортақ. Сондықтан ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылып, руханияттың алтын ұясына айналған бас басылымның жаңа дәуірін бірге қарсы алайық, құрметті оқырман.

**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ**